



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



**ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ
КҮТУЛЕР
ҚАЗАН 2025**


2025 жылғы қазанда қысқамерзімді инфляциялық күтулер 13,6% болды. Қалыптасқан проинфляциялық ахуал аясында респонденттер арасындағы белгісіздік деңгейі жоғары сақталып отыр. Сонымен қатар, халыққа сезілетін инфляция деңгейі өсті. Бес жылдық мерзімде күтілетін инфляция – 14,3%.

Халықтың инфляциялық күтулері

2025 жылғы қазанда алдағы 12 айда күтілетін инфляцияның медианалық мәні¹ 13,6%-ға дейін өсіп, (2025 жылғы қыркүйекте – 13,2%) 2024 жылдың басынан бергі орташа мәнмен теңесті (13,6%). Сонымен қатар 5 жылда күтілетін инфляцияның медианалық мәні 2025 жылғы қазанда 14,3%-ға жетті (14%) (1-график).

Айтарлықтай проинфляциялық ахуалға байланысты респонденттер арасында алдағы бір жылдағы баға өсіміне қатысты белгісіздік елеулі деңгейде сақталып отыр.

1-график. Респонденттердің инфляциялық күтулері, %



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

2-график. Респонденттерге сезілген (кейінгі 12 айдағы) инфляция мен нақты инфляция, %



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab, ҚР СЖРА ҰСБ

бұл көрсеткіш 8,9% болды (11,6%), ақылы қызметтер – 7,4% (6,4%).


Қазанда едәуір қымбаттаған азық-түлік деп респонденттер ет өнімдерін, жеміс-жидек пен көкөністі, сыр мен шұжық өнімдерін атады. Азық-түлікке жатпайтын топта халық дәрі-дәрмек, киім-кешек пен аяқкиім, тұрмыстық химия бағасының өскенін көрсетті. Ақылы қызметтер арасында ең жиі аталғаны – тұрғын үй-коммуналдық және медициналық қызметтер, интернет пен ұялы байланыс тарифтері (3-график).

Белгісіздік аясында респонденттердің шамамен жартысы баға өсімінің қазіргі қарқыны сақталады деп болжайды. Төрттен бірі инфляция жеделдейді деп ойлайды.


Кейінгі 12 айдағы сезілген инфляцияның медианалық мәні 2025 жылғы қазанда 12,8%-ға дейін өсті (2025 жылғы қыркүйекте – 11,5%). Тегістелген үш айлық көрсеткіш 12,3% болды (12,2%) (2-график).

Азық-түлік бағасының өскенін байқаған респонденттер үлесі 2025 жылғы қазанда 80,4% болды (2025 жылғы қыркүйекте – 79,4%). Ал азық-түлікке жатпайтын тауарлар бойынша

3-график. Жиі аталатын тауар мен қызмет түрлері



Азық-түлік емес тауар мен қызмет түрлері




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

Халықтың тұтыну көңіл күйі

2025 жылғы қазанда тұтыну көңіл күй индексі 99,1 болды (2025 жылғы қыркүйекте – 102,7) (4, 5 және 6-график). Күтуді бағалауда елдің алдағы бір жылдағы дамуына қатысты сенім көрсеткіші төмендеді. Сондай-ақ алдағы бір жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруіне берілген баға да төмендеді.


Сондай-ақ, қазіргі жағдайды бағалауда қомақты қаражатқа сауда жасауға дайын болу көрсеткіші төмендеді.

4-график. Тұтыну көңіл күйі индексі²



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

5-график. Күтулерді бағалау



6-график. Қазіргі жағдайды бағалау




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

Баға күту көрсеткіші жоғары сақталып отыр

2025 жылғы 3-тоқсанда жалпы экономикада кәсіпорындардың өнімдері мен қызмет бағасының өсу қарқыны өзгерген жоқ. Дегенмен сумен жабдықтау саласында өсу қарқыны айтарлықтай өсті, ал ауыл шаруашылығында айтарлықтай төмендеді. 2025 жылғы 4-тоқсанда ауыл шаруашылығынан басқа барлық саладағы кәсіпорындар баға өсімі баяулайды деп күтеді (7-график).


7-график. Кәсіпорындардың дайын өнімі бағасының өзгеру динамикасы, диффузиялық индекс³ 7-сурет.



Дереккөз: Ұлттық Банктің нақты сектор кәсіпорындарына жүргізген мониторинг нәтиже сі Кәсіпорындарға сауалнама әр тоқсанда бір рет жүргізіледі

Кәсіпорындардың көп бөлігінде дайын өнім бағасын белгілеудегі ең маңызды фактор – шикізат пен материалдар бағасы (кәсіпорындардың 89,8%-ы), сұраныс (88,5%), салықтар мен алымдар (84,6%) және еңбек шығындары (81,8%). Кәсіпорындардың бағалауынша, 2025 жылғы 3-тоқсанда шикізат пен материалдар бағасының өсу қарқыны аздап өсті. 2025 жылғы 4-тоқсанда сұраныстың біршама ұлғаюы, сондай-ақ шикізат пен материалдар, импортталатын өнімдер бағасы және орташа еңбекақы бойынша баға өсімінің баяулауы күтіледі (8-график).

8-сурет. Кәсіпорындардың дайын өнім бағасын қалыптастыратын факторлардың динамикасы, диффузиялық индекс³



Дереккөз: Ұлттық Банктің нақты сектор кәсіпорындарына жүргізген мониторинг нәтиже сі Кәсіпорындарға сауалнама әр тоқсанда бір рет жүргізіледі

ЕСКЕРТУ

¹ 2022 жылғы қаңтардағы инфляциялық күтулерді сандық бағалау/медианалық бағалау жарияланған жоқ, себебі 2022 жылғы қаңтардағы сауалнама нәтижелеріне қаңтарда елде болған оқиғалар әсер етті. Бұл респонденттердің аз болуына және алдыңғы деректерден алшақтауына әкелді.

Сезілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ негізінде есептелген: сіздің ойыңызша, соңғы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өсті? Күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ нәтижелері негізінде есептелген: сіздің ойыңызша, келесі 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өседі?

2025 жылғы қаңтардан бастап күтілетін және сезілетін инфляцияның медианалық бағаларын есептеу кезінде 2-4 п.т. аралықтар пайдаланылады, оған дейін – 4 п.т.

² Тұтыну көңіл күйі индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдыңғы 5 жылдағы елдің даму перспективалары;
- қомақты сауда жасау.

Қазіргі жағдай индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі бір жылда жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- қомақты сауда жасау индексі.

Тұтынушылық күтулер индексі: жеке индекстердің орташа мәні;

- алдағы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдағы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдағы 5 жылдағы елдің даму перспективалары.

Сандық мән оң және теріс жауаптардың +100 арасындағы айырмашылығы ретінде есептелетін жауаптардың балансы. Индекс мәні 0-ден 200-ге дейін өзгеруі мүмкін. 100-ден жоғары мән – оң мәндердің, 100-ден төмен – теріс мәндердің басым екенін білдіреді.

³ Диффузиялық индекс (ДИ) – оң жауаптардың үлесі мен өзгеріссіз қалды деген жауаптардың жартысының қосындысы. ДИ – қарастырылып отырған көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын жинақталған индикатор. Мәні 50-ден жоғары болса – көрсеткіштің өскенін, 50-ден төмен болса – төмендегенін көрсетеді. ДИ 50 деңгейінен қаншалық алшақ болса (жоғары немесе төмен), көрсеткіштің өзгеру қарқыны (артуы немесе кемуі) соншалық жоғары дегенді білдіреді.

Респонденттер саны: 3 478 кәсіпорын. Маусымдық факторлар ескерілген деректер. Кәсіпорындарға қойылған сұрақ: «Сіздің кәсіпорныңыздың дайын өнімінің бастапқы бағасы қалай өзгерді/өзгереді?»

2025 жылғы 4-тоқсанда кәсіпорындардың күтулері берілді